



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

08 ақпан 2021 жылы № 10

Индербор кенті

поселок Индербор

Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы №25 «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес бәсекелестік ортаға беру үшін ұсынылатын ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Индер аудандық экономика және қаржы бөлімі осы қаулының 1-тармағынан туындайтын барлық шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Өтеғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі



М.Қалауи

**Коммуналдық меншіктегі бәсекелестік ортаға беру үшін ұсынылатын
ұйымдардың тізбесі**

№	Ұйым атауы	Бәсекелестік ортаға беру мерзімі
1	2	3
1	«Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің «Индер Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	тамыз 2025 жыл